

## Кітапханалық сабақ : «Білім кілті – кітапхана»

Кітапханалық сабақтың мақсаты: 1. Кітапхана өмірімен, ережелерімен таныстыру. 2. Білім кітап арқылы берілетіндігін ұғындыру. 3. Кітапқа деген қызығушылықтарын арттыру, оны күтіп ұстауға үйрету. 4. Кітапханалық-библиографиялық білім негізінде ауызша кеңес беру арқылы оқырмандардың кітапханалық сауаттылығын, оқу мәдениетін көтеру;

Геодезия және картография колледжінің кітапханасында бірінші курс студенттерімен кітапхана қызметкері, «Білім кілті – кітапхана» атты кітапханалық сабақ өткізді. Сабақ барысында студенттер кітапхана тарихымен танысты. Колледж кітапханасының табалдырығын алғашқы рет аттап тұрған студенттерге оның оқу залдары, Коверкинг орталығымен танысу өте маңызды. Сондықтан кітапханамен таныстырып, кітапты пайдалану ережелері және анықтамалық басылымдармен жұмыс жасау түрлері, электрондық оқулықтарды пайдалану және кітап қорындағы жалпы пәндер және арнайы пәндер бойынша оқулықтарды іздестіруге кеңестер берілді. Студенттерге өз мамандығы бойынша ашық кітап көрмерлеріндегі кітаптар, мерзімді басылымдар, көрсетіліп, кітапхананың оқу залында интернет желісіне қосылған ноутбуктермен пайдалану мүмкіндіктері қарастырылғаны айтылды. Сонымен бірге, кітап қорымен, каталогтармен жұмыс, кітап көрмелерінің мазмұны, мерзімдік басылымдар туралы, қызмет көрсету түрлерімен таныстыру жұмыстары жүргізіледі..





